

ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Н. Н. Аумова

ПОЭТИКАЛЫҚ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІКТЕ ТАРАЛУЫ

Адам баласының ақпараттық өрісінің маңызды элементінің бірі – уақыт. Ол – адам санасы кеңістігінің ең маңызды қаруы. Адам санасының әрбір микроқұрылымы сол құрылымға ғана тән уақыт пен кеңістікке ие болады. Бұл біртұтас организм құрылымдарына ілгерілі-кейінді қайтымды бағытты емес, айналмалы шығыныңқы бағытта әрекет ететін иерархиялық тән. Мұның өзі ең мықты әсер етуші элемент ретіндегі уақыттың ақпараттық өрісте организмнің ең ілкі, бастапқы микроқұрылымдарында бар болатынын білдіреді.

Уақыт әрқашан да ойшылдардың ойының шоғырлануының сиқырлы нүктесіндей болып келді. Ежелгі діндер мен мәдениеттерде де уақыт ағымының заңдылықтарын түсінуге талпынуы ешқашан үзілмеді, сол бағытта дәлме-дәл күнтізбелер, хронологиялық жазбалар жасаумен айналысты. Адам санасында уақыт туралы екі түсінік барлығы белгілі: қайталанатын оқиғалар, «дөңгелек дүние» бірізділігі түріндегі циклдық уақыт және бірбағытты сызықтық қозғалыс ретіндегі уақыт.

Поэтикалық ақпарат кеңістікте уақыт ағымымен қалай таралады дегеннің жауабын іздеу де бүгін пайда болған мәселе емес. Б.Успенский циклдық уақыт *ғарыштық санаға*, сызықтық уақыт *тарихи санаға* сай түсетінін айтады. «Ғарыштық сана уақыт процесінде бір, сол бір ғана онтологиялық жүктемелі мәтін қайталанатынын болжауға мүмкіндік береді... Тарихи сана сызықтық, қайырылмас уақытты ұсынады», - дейді[1,32].

Поэтикалық ақпарат ретіндегі шығармашылық өнерде де ырғақтық, интонациялық жүйе арқылы уақыт таралатын жерде қайталамалы, айналмалы циклдық, қайтымсыз, бірбеткей сызықтық уақыттың үйлесімі мен қайшылығы көрініс табады. Қазіргі поэтикада уақытты жаңаша сезіну оның поэтикалық болмыс қозғалысының сандық өлшемі болатын энергетикалық табиғатына сүйенеді. Уақыт энергиясы теориясының дамуы ежелгі араб танымдарында кездеседі, онда олар уақытты Ғаламды шығармашылық энергиямен рухтандыратын ерекше күш ретінде таниды[2,8]. Сонымен қатар әлемдік діни философияда, оккультті білім өкілдері еңбектерінде де ұшырасады.

Н.Козырев теориясына сәйкес уақыт – материалдық жүйенің энергиямен мейілінше тығыздалуы[3]. Материалдық энергия мен уақыт ағымы арасында мынадай байланыс бар: болмыстың энергияға қанығуы қаншалықты жоғарылаған сайын уақыттың ағымы соншалық жай болады. Бұл байланыс

поэтикалық ақпарат ретіндегі болмысқа тікелей қатысы бар. Оның энергетикалық тығыздығы уақыт бірлігінде энергетикалық импульстар санымен өлшенетін поэтикалық жасушаға да тікелей қатыстылығы ерекше назар аудартады.

Поэтикалық ырғақ дербес ақпараттық бірлік қызметін атқара отырып, уақыттың энергетикалық өлшеміне айналады. Ол өмір туралы, сондай-ақ Ғарыш құрылымы жөнінде тұтас аяқталған ақпаратты тасып жүреді. Кеңістік пен уақыттағы поэтикалық ырғақ жүрісін әлемдік сызықтарды қосушы қайнар көзге теңестіруге болады. Поэтикалық ырғақ есебінен қозғалысқа түсіп, жүзеге асатын поэтикалық сөйлеу, поэтикалық ойлаудың өзі ғана емес, оның қадамына дейінгі үзіліс пен пропозициялық құрылымдарды көшіруші, құрылымдардың ішегін қозғаушы кідірістердің өзінің поэтикалық дискурстық бірлік ретінде танылуы осы жерден айғақ табары сөзсіз. Сайып келгенде вербальды және вербальды емес дискурстық бірліктер Ғарыштық сананың үйлесімін жасаушы және реттеуші ерекше жүйе құратын тану қиын емес. Кеңістікте поэтикалық ақпаратты толық қамтамасыз ететін дискурстық бірліктер тыныштық қалпын ретті мағыналы ақпараттық толқынға қосуда сызықтық емес уақытта жарықтық жылдамдықпен қозғалыс жасайды. Ал біз оны өз уақыттық өлшемімізге сай өлшеуге тырысамыз.

Қазіргі тіл білімінің бағыттарында уақытты сезіну оның энергетикалық табиғатына сүйенілді, мұнда энергия поэтикалық материя қозғалысының сандық өлшемі ретінде танылады. Уақыт энергиясының теориясының дамуын ежелгі дәуірдегі түркілік білімнен де табуға болады. Соның нәтижесінде қазақы түсінікте уақыттың тың деректері терең құрылымдық жүйе ретінде сипатталады, біздің тілдік танымымызға да сол қалпын бұзбай жеткен, сақталған. Мәңгілік ұғымында уақыттық өлшем жоқ, оның ес кеңістігінде ғана уақыт өз мәнісін табады.

Жалпы энергияның оң не теріс белгісінің болатынын ескерсек, кеңістікте тербелген кез келген ырғақ сәйкесінше жағдаятқа сай оң не теріс нәтиже беретін күшті де (энергияны) оятатынын байқауға болады.

Поэтикалық санадағы уақыт - бұл ғарыштық қуатты вектор, қаптаған ұсақ энергетикалық элементтерден құралған күшті ағын.

Қарапайым өмірде энергетикалық микроэлементтер (Штокхаузен микроуақыт (1/16 сек. аз) және макроуақыт (1/16 сек. көп) түсініктерін ажыратқан [4.]) өздігінен құнды болмайды. Соған сай өмірдің

еш сәті де өздігінен құнды болмайды, әрбір сәт келесіге жалғастырушы үзік қана, әрбір сәт келесі сәтке жетіп онымен алмасуға ұмтылушы ғана.


Ал поэтикалық болмыстағы уақыт, мәселен Абай шығармашылығындағы уақытты әрбір поэтикалық құрылымды тұтастырушы элементтері дербес әрі өздігінен құнды боп есептелетін энергетикалық импульстарға толы тұрақты өріс ретінде қарастыруға болады. Поэтикалық болмыстағы уақыт ақпаратқа толы, тығыз және біртұтастыққа шоғырланған. Сол себепті де оны тыңдағанда, естігенде, қабылдағанда, жырлағанда, іштей не дауыстап түзгенде уақыттың белгісіз күшпен созылғанын, өзге әлемге сүңгуді, өзге кезеңге, қалыпқа, күйге өтіп кетушілік сезініледі, басқа өлшемге сыйдырылғандықты, сыйысқандықты сәл сәтке болса да адам мойындап қалады, мұнда әрбір секундтық ғұмыры шынайы деп аталатын сызықтық уақыттағыдан ұзақтығы білінеді.

Поэтикалық ақпарат ағымында қанат біту мен ақпараттық көлем үйлестігіндегі, құрылымдылық пен айырықша ақпараттық тығыздықтың бір мезетке тоғыстырылуындағы қайшылық сезініле бермейді, сәт үзілгенде қайта жалғасын табуы сызықтық уақыттағы жағдаятқа тәуелділіктен арылуға қатысты болады. Поэтикалық уақыттың құпиясына кілтті әр адам өз санасында жасап және жойып отырады, оның өзі поэтикалық уақыт феноменінің энергетикалық табиғатынан деп түсінеміз.


Поэтикалық ақпараттық құрылымдылығы әу бастан бар құрылымға сәйкестеліп салынып келеді. Біздің тарихи кеңістікте таралған интертекстілік туралы түсінігіміз біршама қалыптасып қалды десек болады. Алайда ежелгі дүниеден қалған поэтикалық мәтін үзіктерінің басқа бір уақытта, кезеңде тағы сол күйінде, не өзгешелікпен қайталануын интертекстуалдылықтың әмбебап көрінісі ретінде ғана түсінік қалыптастырдық. Бір ғана қазақтың поэтикалық жадындағы интертекстуалдылық туралы айтсақ, мысалы, батырлық жырлар үзігінің жыраулар поэзиясындағы шоғыры, одан өтіп кейінгі ақындардың ақындық дәстүрінде жалғастығын табуын мәтіннің аралық сипатымен түсіндіру жеткіліксіз деп ойлаймыз. Себебі белгілі кезең ақынының аузында өзінен бұрынғы не параллель уақыттағы шығармашылық тұлғаның/тілдік сананың мәтіні/мәтін үзігінің қайта көрініс беруі мәтіннің/сөздің уақыттан уақытқа, кеңістіктен кеңістікке көшуінен десек, бүтін қазақ қайталауға шебер болғанымен, өзгеруге/дамуға бейім еместігімен де келісер едік. Расында кеңістіктерден, атап айтқанда жад кеңістігінен сана кеңістігіне, одан тілдік сана кеңістігіне өтуге бейім болатын *интерқұрылымдар*, яғни *аралық пропозициялы құрылымдар* мен біз қарастырып отырған *поэтикалық ақпараттың энергетикалық элементтері* деп пайымдаған дұрыс. Ең қызығы бұл көшпелі құрылым өзгеруге (мутацияға) де бейім екенімен келіспеске болмайды. Оны төмендегіше түсіндіріп көрелік:

Бізді белгілі бір деңгейде қуаныш-мұңға бөлейтін қазақы сұлу жыр өрнегі қандай энергиялық ақпараттардың басын біріктіреді? Бұл сұрақтың


жауабын қазақ ішінен интуитивті түрде танып білгенмен, атап-түстеп бере қояры әрқандай. Мұның өзі, біздіңше, ескі ұлттық танымда ғой деп ойлаймыз. Кеңістігін төртке бөліп билеген түркілік тұтастық танымға (біз бұл тұрғыда бұдан ілгеріректегі мақаламызда жазғанбыз [5.5]) көз жіберелік: №1 сурет




Мұндағы шартты белгілер дәстүрлі түсінікке сай. Тұтастай алғанда территориялық кеңістік энергетикаға толы шеңбер түрінде көрініс табады. №2 сурет




Оны кіндік нүктеден бөлетін екі көлденең және тік сызықтар уақыттық қос бағытын, сондай ақ төрт бөліктілікті тудырады да, жұптар үйлесімін жасайды. №3 сурет




Бұл үйлесім халық тілінің танымдық болмысына да терең орныққан: дүниенің төрт бұрышы, екі ауыз сөз, екі елі ерін, ауызекі сөйлеу, төрт жол өлең, т.б. Төрт жол өлеңнің материалдық формасы шартты түрде мына түрде көрініс табады:



Поэтикалық мәтіннің мазмұнын энергияға толы поэтикалық ақпарат құрайтынын ескерсек, мазмұнға форма беру былайша көрінер еді: №4 сурет (Суреттердегі бейнелер беттескен, кіріккен бейнелер, түсінікті болу үшін шартты түрде бөліп көрсетілді)




Мұны поэтикалық ақпараттың тарихи уақыттағы формаға өтуінің бастапқы фазасы ретінде, адам санасының интуитивтік-рухани деңгейі ретінде қабылдаған жөн: шығармашылық тұлғаның өз мазмұнын формалауға ұмтылуы (өлең түріндегі әдеби-мәдени құндылықтар: бәдік жыры, қайым айтыс, сыңсу, жоқтау, жұмбақ т.с.с.). Бірте-бірте ортаңғы фазаға өту көрініс береді, мұнда поэтикалық ақпараттың басты ұйымдастырушы – дәстүрлі ырғақ.




Мұнда форманы тілдік сана түпкілікті игереді, иеленеді, формадан мазмұнға (энергияға) және керісінше өту еркін жүзеге асады, адам санасының интеллектуалды-рухани деңгейі ретінде танылады, классикалық кезең: қыраулар поэзиясы, жырлар, кара өлең, ақ өлең, т.б.

Соңғы фазада форма да еркін, энергетика түпкілікті игерілген, ғарыштық уақыттағы ғарыштық сананың белең алуы, таза рухани-синергетикалық деңгей көрініс табады. Жаңа мазмұндағы жаңа формалы поэзия: Абайдың алты тармақты, сегіз тармақты өлеңдерінен басталады №6 сурет.



Энергетика қай фазада да форма бойына үнемі таралып отырады. Енді бастапқы суретке қайтып



оралып, бұл сызбаны ортаңғы кіндік нүктеден көтерсек, мына көрініске ие болар еді: №7 сурет

Бұл – түркі жұртының, қазақы танымдағы кеңістіктің классикалық моделі, визуалды әрі виртуалды әмбебап интерқұрылым. Конус формасына геометриялық фигуралардың түрлері сыйыса алады: шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш, алтыбұрыш, сегізбұрыш, ромб т.с.с. Сондай-ақ, шеңбер – күллі кеңістік, шаңырақ – оның символы. Конус – киіз үй, сәукеле, алтыбақан, кара қазан, жүрек, сана формасы. Бұл құрылым – түркі жұртының ғарыштық санасы мен дүнияуи дүниесінің барлық нүктесіне кіріккен құрылым. Поэтикалық ақпараттың таралуы да бұл кеңістіктен ауытқи қоюы екіталай. Ал поэтикалық ақпараттың уақыттық кестесі өлшемсіз ғарыштық санаға ұмтылуымен ерекшеленеді.

1. Успенский Б. История и семиотика. Статья вторая. «Труды по знаковым системам». Т. XXIII. Тарту, 1989, с. 32.

2. У и т р о у Дж. Естественная философия времени. М., 1984, с. 92. Блаватская Е. Тайная доктрина. Т. I. Л., 1991, с. 8.

3. Козырев Н. Избранные труды. Л., 1991.

4. См. Чаплыгина М. Музыкально-теоретическая система К. Штокхаузена. М., 1990.

5. Аитова Н.Н., Әбдірова Ш.Г. *Тұтастық және түркілік тұтастықтың синергетикалық түсінігі*/ Жұбанов тағылымы ҮІІ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Ақтөбе, 2009. 2-том.

А. Б. Алимжанова

3. ШАШКИН ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТІЛДІК-СТИЛЬДІК ІЗДЕНІСТЕР

Әдебиеттану ғылымындағы стиль – аса кең мағынадағы ұғым. Сонау XIX ғасырдағы А. Потебня, А. Веселовскийлерден бастап, көтерілістен кейінгі, яғни, XX ғасырдың 20-30-жылдарында жазылған А. Белецкий, В.Жирмунский, В.Гофман еңбектері, сондай-ақ 50-ші жылдардан бері дүниеге келген В.Виноградов, Д.Лихачев, М.Бахтин, Р.Будагов, В. Ковалев, А.Тимофеевтердің зерттеулері бұл ойымызға дәлел бола алады.

Көркем әдебиет тілін стильдік тұрғыдан зерттеуде, жалпы, стиль сынды ортақ ғылыми мәселені

шешуде қазақ әдебиетінде де едәуір еңбек сіңірген Қ.Жұмалиевтің «Стиль – өнер ерекшелігі», З. Ахметовтің «О языке казахской поэзии», Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ әдебиетінің тарихы», С.Негимовтің «Ақын-жыраулар поэзиясы. Поэтика. Стилистика» атты монографиялық туындыларын атаған жөн болар.

Стиль – жазушының шеберлігін, талантын дәлелдейтін үлкен көрсеткіштің бірі. Сонымен бірге стильдің оқырманмен байланысты жағы да бар. Өзіндік стилі жоқ ақын мен жазушы шынайы

шығарма бере алмайды, өзінің оқырманын да жаулай алмайды.

Стиль ұғымы қазір үш түрлі жағдайда қолданылып жүр. Жеке шығарманың стилі, жазушы стилі, ортақ стиль (немесе стильдік ағым). Дұрысында стильдің жазушы стилі деген мағынада пайдаланған ләзім. Алғашқы және соңғы жағдайлардағы қолданыстары жалпының жекеге, жекенің жалпыға қатынастағы көрінісі деп ұққан жөн.

З.Шашкин шығармаларының көркемдік ерекшеліктері, тақырып талдау, кейіпкер психологиясын ашу, сөз саптау, сюжет құрау, бір сөзбен жазушылық стилі қандай? Өзге әріптестерінен озған не кемшін түскен тұстары бар ма? деген мәселелерге тоқталу маңызды. Бұл арада төселген шеберлік пен жазушының стильдік ерекшелігіне М.Әуезов талғамымен баға берген жөн. М. Әуезов стиль хақында: «Әдебиеттегі ұлттық түр мәселенің бір іргелі үлкен мәні – стиль. Теңеу тілі, әр алуан көркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел келіп жазу стилін қалыптастырады».

Әдебиеттің ұлттық ерекшеліктер жайын атағанда, тіл бұл стильдің өзі емес, құралы, қоры ғана. Екінші бір стиль – сөздік, ақындық теңеу кесте мағынасынан басқа екінші мағынаны және тудырады. Ол – ұлттық мінез бейне жасаудың стилі», – деген екен [1, 230 б.].

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы көрнекті ғалым З. Қабдолов: «Нағыз пейзаж – поэзия! Характер! Адам! Неге десеңіз, адамның қабылдауының, сезіну түйсінулерінен, көңіл-күйінен тыс табиғат суреті – пейзаж жоқ!»

Пейзаж жазушының стилін де белгілейді. Ал, стиль – адам» [2, 92 б.], – десе, профессор Р. Нұрғалиевтің пікірінше, «... әдеби ұғымдағы стиль – ең алдымен – эстетикалық категория... Стиль жазушының авторлық мұратымен, эстетикалық идеясымен жанды түрде байланысып жатыр. Өйткені, көркемдік процесте механикалық сипат жоқ» [3, 204-205 бб.].

Белгілі бір қаламгердің шығармаларындағы тілдік құбылыстарды қарастырудың негізгі бір саласы оның стильдік ерекшеліктерін тану мәселесімен байланысты болып келетіні мәлім. Біріншіден, белгілі бір шығарманың немесе жалпы жазушы шығармаларының стильдік арналарын көрсету сол автордың тілдік компоненттерді қолдану мүмкіндіктерін саралауға жол ашса, екіншіден, стильді қарастыру тілдік тұрғыдан алғанда кешенді зерттеу болып табылады. Өйткені, стиль категориясы көркем әдебиеттің барлық саласымен байланысты.

Көркем әдебиет тілін стильдік тұрғыдан зерттеуде Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, Ә. Қоңыратбаев, С. Негимов, Қ. Жүсіп және т.б. ғалымдардың еңбегін ерекше атауға болады. Егер стиль дегеніміздің өзі кез-келген қаламгердің ешкімге ұқсамас даралық қасиеті десек, З.Шашкинге тән стильдік сипаттар қандай?

Ең алдымен, жазушы жақсылық пен жамандықты негізгі объект етіп ала отырып, адами, рухани құндылықтарды жоғары қойып, дәріптейді. Суреткерге тән негізгі қасиет – шығармаларына психо-

логиялық, лирикалық сарындармен қатар философиялық ой дарыту басым. Яғни оның қаламынан туған шығармалар философиялық астарларға бай. Сондай-ақ асқынған драматизм, трагедиялық тағдыр, жаратылысы бөлек дәрігерлер характерлерін ұтымды бейнелейді.

Мысалы, З.Шашкиннің ең алғашқы шығармаларының бірі «Доктор Дарханов» романын алайық. Шығарманы кезінде ең алғашқы дәрігерлер өмірі жайындағы туынды ретінде қабылданғаны белгілі. Ендеше шығарма құнын асырған қасиеттер қандай десек, ол ең алдымен тақырып тосындығы болса, соған орай жазушы идеясының шығарма сюжетімен табиғи бірлік табуы дер едік. Әрине, бұл тек «Доктор Дарханов» романына ғана қатысты ерекшелік емес, З.Шашкин шығармаларының барлығына дерлік тән қасиет. Өйткені қайсыбір туындысын алмайық, өмірдің ең өзекті, аса зәру, әлеуметтік мәселелерін көтергені анық. Олар тек жанрлық тұрғыдан және шығарманың сюжеті мен композициялық құрылымынан ғана өзгеше. Ал, автордың философиялық ой түйіні, алдына қойған ұлы гуманизм – барлық шығармаларының алтын арқауы.

Стиль ұғымының кең екендігін жоғарыда айттық. Ғалым З. Қабдолов «Сонымен, біз жазушының күллі творчествосының өн бойынан идеялық-көркемдік негіздің (идея-тақырып-тіл) тек сол жазушыға ғана тән ерекшелігін аңғарамыз... Міне, стиль – әр суреткерге тән осындай творчестволық ерекшелік» [2, 331 б.], – деп жазады.

Қандай да бір әдеби бейне жасау типі – автордың суреткерлік көзқарасына, идеялық ұстанымдарына қатысты болып келетіні белгілі. Бұл – мәселенің негізгі жағы. Ал, әдеби бейне жасаудың тілдік және көркемдік астарларына үңілгенде, бұл тұста қаламгердің дара қолтаңбасы өзіндік маңызға ие болады. Осындай дара қолтаңбадан авторға тән стиль келіп шығады. Зейін Шашкин шығармашылығымен таныса отырып, оның прозалық шығармаларынан өзіне тән стильдік ерекшеліктерді көркем пейзаж, өткір образ бейнелері арқылы айқын көре аламыз.

З.Шашкин – өз кейіпкерлерінің ішкі жан иірімдерін суреттеуде өзіндік соқпағын салған суреткер. Уытты да қарапайым тілмен жазылған қысқа да жинақы шығармаларында ол кейіпкерлердің жан дүниесіне бойлай отырып, оның кәусар бұлақтың сылдыры секілді өзгеше күйін шертуге талпыныс жасайды. Оның әрбір туындысындағы образдар өзіндік рухани тазалығымен құнды. Осы орайда «Ұядан ұшқанда» повесіндегі Сақа мен Жүніс образдарын арнайы айтуға болады. Жазушы осы кейіпкерлер арқылы ұлттық болмысты, адамдық қасиетті биік шыңға көтере отырып, олардың арманы мен мақсатын білуге ұмтылады. Коммунист Сақа Сағатовтың басына түскен қиын-қыстау тағдыр тауқыметін әр қилы тартыс, күрес үстінде ашады. Ал оның әкесі Жүніс – табиғатынан ақылды, өжет, кесек тұлға. Ол өктемдік, озбырлыққа жаны қас. Ағайынның, елдің қамын ойлайтын зерделі, ардагер азамат, теңдік, әділеттік үшін күресетін, алға қойған